

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

### «БЖЗК» АҚ 2022 ж. арналған Жылдық актуарлық есебін жариялады

"Бірынғай жинақтаушы зейнетакы қоры" АҚ (БЖЗК) 2022 жылға арналған Жылдық актуарлық есебін жариялады. Онда Қазақстан Республикасының зейнетакы жүйесін 2030 жылға дейін одан әрі жаңғырту тұжырымдамасында көзделген Қазақстанның зейнетакы жүйесін жетілдірудің негізгі бағыттары бойынша 2022 жылы жүргізілген БЖЗК кешенді актуарлық есептеулерінің негізгі нәтижелері ұсынылған. Тұжырымдама зейнеткерлердің әртараптандырылған көздерден табыс алуын басты назарда ұстайтын зейнетакымен қамсыздандырудың көп деңгейлі моделін сақтауға, оның таратушы құрамдауышының ұзақ мерзімді тұрақтылығын қамтамасыз етуге, сондай-ақ міндегі жинақтаушы құрамдауыш белгін сактап, нығайтуға бағытталған.

Есептің 1-бөлімінде 01.01.2022 ж. ағымдағы демографиялық деректер, сондай-ақ детерминистік және стохастикалық тәсілдерді ескере отырып, демография бойынша болжамды трендтер және олардың Қазақстанның зейнетакы жүйесіне әсері сипатталған.

Есептің 2-бөлімінде Қазақстандағы болашақ зейнетакының барабарлығына баға беріледі. Ол математикалық модельдің көмегімен алынған.

Есептің 3-бөлімінде зейнетакы ағындарының болжамды мәндері берілген.

Жылдық актуарлық есеп – Қордың маңызды құжаттарының бірі. Ол кең ауқымды мұдделі тараптар үшін өзекті ақпаратты қамтиды. Құжат БЖЗК-ның 2022-2026 жылдарға арналған Корпоративтік даму стратегиясына сәйкес, сондай-ақ ақпаратты ашу жөніндегі халықаралық стандарттар мен ұздік әлемдік тәжірибелі ескере отырып әзірленді.

2022 жылға арналған Жылдық актуарлық есеппен мына сілтеме бойынша танысуға болады:

<https://www.enpf.kz/upload/medialibrary/3c9/3c95d788bd0a5cb504c04483152f72f1.pdf>

БЖЗК 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗК» АҚ негізінде құрылды. БЖЗК құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мұлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетакы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетакы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетакы заңнамасына сәйкес БЖЗК міндегі зейнетакы жарналарын, міндегі кәсіптік зейнетакы жарналарын, ерікті зейнетакы жарналарын тартуды, зейнетакы төлемдерін, зейнетакы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшиға (алушыға) зейнетакы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) сайтында).